

Талапкер 2021
«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ
талапкерлерді оқуға шақырады

«БОЛАШАҚ» университеті 2021-2022 оқу жылына күндізгі және қашықтықтан оқыту бөлімдеріне төмендегі бакалавриат мамандықтары бойынша ақылы негізде оқуға түсу үшін талапкерлерден құжаттар қабылдайтынын хабарлайды.

«Болашақ» университеті – Сыр өңіріне ғана емес, елімізге жоғарғы дәрежелі мамандар даярлаудағы мол тәжірибесі бар, мемлекеттік аттестаттаудан, институционалдық аккредитациядан өткен және 25 жылдық тарихи дамуды еңсерген сапалы білім беретін жоғары оқу орны.

«Болашақ» университеті – мерзімі шектелмеген лицензиясы бар (№0137438 Серия АБ), «Іскерлік тәжірибенің жоғарғы сапасы үшін» Алтын медалінің (Швейцария), «Халықаралық ғаламдық сапаны дамыту» Алтын сертификатының және «Мінсіз іскерлік беделі үшін» бағдарламасының Алтын медалінің (Швейцария) иегері.

БАКАЛАВРИАТ МАМАНДЫҚТАРЫ

Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	Білім беру бағдарламасының коды	Білім беру бағдарламасының атауы	1-ші таңдау пәні	2-ші таңдау пәні
6B011 Педагогика және психология	B001 Педагогика және психология	6B01101	Педагогика және психология	Биология	География
		6B01102	Экономикалық психология	Биология	География
6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	B002 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	6B01201	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Биология	География
6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	B003 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	6B01303	Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	Биология	География

6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	V004 Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	6B01403	Бастапқы әскери дайындық	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
	V005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	6B01404	Дене шынықтыру және спорт	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
	V006 Музыка мұғалімдерін даярлау	6B01405	Музыкалық білім	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
	V007 Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	6B01406	Бейнелеу өнері және сызу	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
		6B01401	Кәсіптік оқыту	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
	V008 Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау	6B01402	Құқық және экономика негіздері	Дүниежүзілік тарих	География
6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	V009 Математика мұғалімдерін даярлау	6B01503	Математика	Математика	Физика
	V011 Информатика мұғалімдерін даярлау	6B01504	Информатика	Математика	Физика
	V013 Биология мұғалімдерін даярлау	6B01501	Биология	Биология	Химия
	V014 География мұғалімдерін даярлау	6B01502	География	География	Дүниежүзілік тарих
6B016 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау	V015 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау	6B01601	Тарих	География	Дүниежүзілік тарих
6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	V016 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	6B01701	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қазақ тілі	Қазақ әдебиеті
	V017 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	6B01702	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	Орыс тілі	Орыс әдебиеті
	V018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау	6B01703	Шетел тілі: екі шетел тілі	Шетел тілі	Дүниежүзілік тарих
6B019 Арнайы педагогика мамандарын даярлау	V020 Арнайы педагогика мамандарын даярлау	6B01901	Дефектология	Биология	География
		6B01902	Логопедия	Биология	География
6B021 Өнер	V028 Хореография	6B02101	Хореография	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан

	B031 Сән, дизайн	6B02102	Дизайн	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
6B023 Тілдер және әдебиет	B036 Аударма ісі	6B02301	Аударма ісі	Шетел тілі	Дүниежүзілік тарих
6B032 Журналистика және ақпарат	B042 Журналистика және репортер ісі	6B03201	Журналистика	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
		6B03202	Медиа-журналистика	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
	B043 Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және мұрағат ісі	6B03203	Кітапхана ісі	Қазақ / Орыс тілі	Қазақ / Орыс әдебиеті
6B041 Бизнес және басқару	B044 Менеджмент және басқару	6B04105	Менеджмент	Математика	Георграфия
		6B04102	Экономика	Математика	Георграфия
		6B04104	Мемлекеттік және жергілікті басқару	Математика	Георграфия
6B041 Бизнес және басқару	B045 Аудит және салық салу	6B04101	Есеп және аудит	Математика	Георграфия
	B046 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	6B04103	Қаржы	Математика	Георграфия
		6B04107	Халықаралық қаржы-несиелік қатынастар	Математика	Георграфия
6B042 Құқық	B049 Құқық	6B04201	Құқықтану	Дүниежүзілік тарих	Адам.Қоғам.Құқық
		6B04202	Кеден ісі	Дүниежүзілік тарих	Адам.Қоғам.Құқық
		6B04203	Құқық қорғау қызметі	Дүниежүзілік тарих	Адам.Қоғам.Құқық
6B052 Қоршаған орта	B051 Қоршаған орта	6B05201	Экология	Биология	География
6B061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	B057 Ақпараттық технологиялар	6B06103	Информатика	Математика	Физика
		6B06102	Ақпараттық жүйелер	Математика	Физика
		6B06101	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	Математика	Физика
		6B06106	Электрондық коммерция	Математика	Физика
6B071 Инженерия және инженерлік іс	B060 Химиялық инженерия және процестер	6B07101	Органикалық заттардың химиялық технологиясы	Химия	Физика
	B062 Электр техникасы және энергетика	6B07102	Электр энергетикасы	Математика	Физика
6B072 Өндірістік және өндіру салалары	B071 Тау-кен ісі және пайдалы қазбалар өндіру	6B07202	Мұнай-газ ісі	Математика	Физика
6B073 Сәулет және құрылыс		6B07301	Құрылыс	Математика	Физика

	В074 Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	6В07302	Құрылыстағы ІТ	Математика	Физика
6В075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	В076 Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)	6В07501	Стандарттау және сертификаттау (салалары бойынша)	Математика	Физика
6В113 Көлік қызметтері	В095 Көлік қызметі	6В11301	Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру	Математика	География

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ - МАГИСТРАТУРАДА ДАЯРЛАУ БАҒЫТТАРЫ

7М01 Педагогикалық ғылымдар	
7М011	Педагогика және психология
7М01101	Педагогика және психология (2 жылдық)
7М01102	Педагогика және психология (1 жылдық)
7М013	Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау
7М01301	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі (2 жылдық)
7М01302	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі (1 жылдық)
7М016	Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтар даярлау
7М01601	Тарих (2 жылдық)
7М01602	Тарих (1 жылдық)
7М017	Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау
7М01701	Қазақ тілі мен әдебиеті (2 жылдық)
7М01702	Қазақ тілі мен әдебиеті(1 жылдық)
7М04 Бизнес, басқару және құқық/	
7М041	Бизнес және басқару
7М04101	Экономика (2 жылдық)
7М04102	Экономика (1 жылдық)
7М05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика/	
7М052	Қоршаған орта
7М05201	Экология (2 жылдық)
7М05202	Экология (1 жылдық)

Университетке оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру

бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

2021 жылы оқуға түсушілер үшін ҰБТ жаңа электронды форматта өтеді. ҰБТ-ға тіркеу Ұлттық тестілеу орталығының (<https://testcenter.kz/>) сайтында жүзеге асырылады. Тіркелу барысында тестілеу күні мен уақыты бірден белгілі болады.

Мемлекеттік грант конкурсына қатысу үшін 15.04-30.06.2021 аралығында ҰБТ-ны 2 рет: сәуір, мамыр немесе маусым айларында тапсыруға болады. Өтініш беруші ең жақсы нәтижесін конкурсқа жібере алады.

Ескерту: тестке бір күнде 2 рет қатыса алмайсыз! Егер үміткер ҰБТ-ны сәуір айында тапсырған болса, онда ол оны бірнеше күнде немесе мамыр, маусымда қайта тапсыра алады. Дайындық үшін қысқа уақытқа үзіліс жасауға болады.

Ақылы негізде оқуға түсу үшін тестілеу наурыз айында өтеді.

Пәндердің саны – 3 міндетті пән, 2 пәні таңдау болып табылады. Тестілеу уақытында үміткер тестілеу аяқталғанға дейін, алдыңғы сұраққа қайта оралып, жауабын өзгерте алады. Аяқтау мәзірін басқаннан кейін, тест нәтижесі экранда бірден көрсетіледі. Үміткер алған нәтижеге қанағаттанбаған жағдайда, апелляцияны бірден, электронды түрде бере алады.

Ең жоғарғы, максималды балл – 140 балл, тестілеу уақыты - 240 минут.

Маңызды! Егер ҰБТ тапсыру уақытында үміткерден, ұялы телефон немесе шпаргалка қолданғаны байқалса, тестілеу автоматты түрде тоқтатылады.

Шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламаларына өтініштерді қабылдау 20 маусым мен 7 шілде аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихандар 8-13 шілде аралығында өтеді.

Педагогика ғылымдарының білім беру бағдарламасы бойынша арнайы емтихандарды тапсыруға өтініштер 20.06 – 24.08 аралығында қабылданады;

Ескерту: жоғарыда көрсетілген күндер өзгертілуі мүмкін! Барлық өзгерістер туралы университеттің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан - Instagram@ bolashak_edu және қабылдау комиссиясынан біле аласыздар!

Ақылы негізде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша жоғары білімі бар талапкерлерді қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы 20 маусым мен 20 тамыз аралығында жүзеге асырады, қабылдау емтихандары 20-25 тамыз аралығында өткізіледі.

Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар (колледж бітірушілер) университетке қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы ағымдағы жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығында жүзеге асырады.

Жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы ағымдағы жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығында жүзеге асырады.

Шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы болуы тиіс. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялар рәсімінен өтеді.

Магистратураға кешенді тестілеуге өтініштер 18 маусымнан 15 шілдеге дейін қабылданады, кешенді тестілеу 20 шілде мен 10 тамыз аралығында өткізіледі. Қабылдау 28 тамызға дейін.

Сонымен қатар, педагогикалық, техникалық, қызмет көрсету, өнер және гуманитарлық мамандықтары бойынша университет колледжінде 32 және «Болашақ» медициналық колледжінде 6 медициналық мамандықтар бойынша мамандар даярланады.

«БОЛАШАҚҚА» ҚАДАМ – КЕМЕЛІ КЕЛЕШЕК, БАЯНДЫ БОЛАШАҚТЫҢ БАСТАМАСЫ.

Қабылдау комиссиясының мекен-жайы:

120000, Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жақ жағалауы, ғимарат № 111, тел.: 8/7242/23-45-15,8 747 533 63 02

<http://www.bolashak-edu.kz>, E-mail: bolashak_5@mail.ru

Маршруттар: 1, 18

Аялдама: «БОЛАШАҚ» университеті.